


«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 К.А.Ергалиева
«___» тамыз 2025ж

«Бекітемін»

 И.И.Бексултанова
Мәжіліс гимназия директоры



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына арналған
10 «В» сыныбының жылдық тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісі: Кузембаева Айгерим Жасаганбергеновна

Ақтөбе 2025ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. 2025 жылы мемлекет басшысының 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- *отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
 - *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
 - *адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
 - *табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
- *елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
 - *отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
 - *өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
 - *әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
 - *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
 - *еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
 - *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
 - *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
 - *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
 - *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

- **күнделікті:**

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

- **апта сайын:**

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

№	Іс шаралар атауы	Аяқтау нысандары	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ»				
1	Білім күні. «Менің Отаным – Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы. “Жедел қызмет телефон нөмірлері” (10 минут)	Сабақ жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	02.09
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
2	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» Қауіпсіздік сабағы. “Қазақстанда кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі жол полиция қызметкерлерімен бірлесіп	08.09
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)				
3	«Адал болу – әр адамның міндеті» Қауіпсіздік сабағы. “Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?” (10 минут)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	15.09
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!»				
4	«Еңбек ептілікті сүйеді» Қауіпсіздік сабағы. “Кибербуллинг және кибергруминг” (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	22.09
V АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны»				
5	“Қарты бардың қазынасы бар” Қауіпсіздік сабағы. “Көліктегі қауіпсіз мінез-құлық: автомобиль, автобус, пойыз, ұшақ” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшілері	29.09
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				
1	«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» Қауіпсіздік сабағы. “Жасанды интеллект адамнан асып түсе ала ма, одан қорқу керек пе?” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	06.10

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» (Ы.Алтынсарин)				
2	«Дала қоғырауы» Ы.Алтынсариннің 185 жылдығына орай Қауіпсіздік сабағы. “Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде тарату жауапкершілігі” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшілері	13.10
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отанды сүю – отбасынан басталады»				
3	«Дархан елім» республика күніне арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы. “Онлайн ойындардың қауіптілігі және интернетке тәуелділік” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	20.10
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ				
15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні				
16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ болу – адамгершіліктің ең биік шыңы»				
1	«Татулықта табыс мол» Қауіпсіздік сабағы. “Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі жеке шегараларды қорғау” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	03.11
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік адамды адам етеді»				
2	«Ұлттық теңге мәртебесі» Қауіпсіздік сабағы. “Сізге қатысты жағымсыз сөздерге жауап берудің тиімді стратегиялары” (10 минут)		Сынып жетекшісі	10.11
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)				
3	«Ахмет- ғасырлар пернесі» Ахмет Жұбановтың туғанына 120 жыл толуына орай Қауіпсіздік сабағы. “Жедел қызмет телефон нөмірлері” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	17.11
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік – табыстың кілті»				
4	«Әділдік мақсатқа жеткізеді» Қауіпсіздік сабағы. “Қазақстанда кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	24.11
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Татулық пен бірлік – елдің іргетасы»				
1	«Табиғатқа камқорлық – барша адамның парызы» Қауіпсіздік сабағы. “Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	01.12
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»				

2	«Желтоқсан ызғары» Желтоқсан құрбандарын еске алу Қауіпсіздік сабағы. “Кибербуллинг және кибергрумминг” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	08.12
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
3	«Ел бірлігі – ел теңдігі» Қауіпсіздік сабағы. “Көліктегі қауіпсіз мінез-құлық: автомобиль, автобус, пойыз, ұшақ” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	15.12.
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
4	«Ынтымақ – елдің ырысы» Қауіпсіздік сабағы. “Жасанды интеллект адамнан асып түсе ала ма, одан қорқу керек пе?” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	22.12
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл				
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»				
1	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» Қауіпсіздік сабағы. “Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде тарату жауапкершілігі” (10 минут)	Сабақ жоспары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	12.01
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң – болашақ кепілі»				
2	«Заң – қоғамның тірегі» Қауіпсіздік сабағы. “Онлайн ойындардың қауіптілігі және интернетке тәуелділік” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшілері	19.01
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»				
3	«Заң – тәртіп пен әділеттіліктің негізі» Қауіпсіздік сабағы. “Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі жеке шегараларды қорғау” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшілері	26.01
АҚПАҢ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Келешек – білімді жастың қолында» (Ахмет Байтұрсынұлы)				
1	«Жүз жасаған бәйтерек» Ж.Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай Қауіпсіздік сабағы. “Сізге қатысты жағымсыз сөздерге жауап берудің тиімді стратегиялары” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	02.02
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаналық – жасампаз ойдан басталады»				
2	«Буллинг және онымен күресу жолдары» Қауіпсіздік сабағы. “Қазақстанда кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	09.02

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңашылдыққа ұмтылған ел ғана дамиды» (Шоқан Уалиханов)				
3	«Жаңару мен жаңғыру – жасампаздық кепілі» Қауіпсіздік сабағы. “Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	16.02
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары»				
4	«Құжықтық тәртіп – қоғам дамуының басты шарты» Қауіпсіздік сабағы. “Кибербуллинг және кибергрумминг” (10 минут)	Сабақ жоспары		23.02
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
1	«Алғыс – барлық ізгі істің бастауы» Қауіпсіздік сабағы. “Көліктегі қауіпсіз мінез-құлық: автомобиль, автобус, пойыз, ұшак” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	02.03
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отан үшін отқа түс – күймейсің»				
2	«Мен елімнің болашағымын» Қауіпсіздік сабағы. “Жасанды интеллект адамнан асып түсе ала ма, одан қорқу керек пе?” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	09.03
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»				
3	«Қош келдің, Әз-Наурыз!» Қауіпсіздік сабағы. “Жасанды интеллект адамнан асып түсе ала ма, одан қорқу керек пе?” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	16.03
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»				
1	«Менің кітапханам – менің жансарайым» Қауіпсіздік сабағы. “Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде тарату жауапкершілігі” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	06.04
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кепелтеді»				

2	«Құйрықты жұлдыздай...» Ш.Уәлихановтың туғанына 190 жыл Қауіпсіздік сабағы. “Онлайн ойындардың қауіптілігі және интернетке тәуелділік” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	13.04
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
3	«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» Қауіпсіздік сабағы. “Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі жеке шегараларды қорғау”(10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	20.04
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»				
4	«Күш – білімде, білім – кітапта» Қауіпсіздік сабағы. “Сізге қатысты жағымсыз сөздерге жауап берудің тиімді стратегиялары” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	27.04
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»				
1	«Көп ұлтты, тату елім – Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы. “Сізге қатысты жағымсыз сөздерге жауап берудің тиімді стратегиялары”(10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	04.05
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш — орман»				
2	«Жолдасы көптің – олжасы көп» Қауіпсіздік сабағы. “Қазақстанда кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау”(10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	11.05
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман»				
3	«Ынтымақ, Бірлік, Келісім – ең асыл іс ел үшін» Қауіпсіздік сабағы. “Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	18.05
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»				
4	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы. “Кибербуллинг және кибергрумнинг” (10 минут)	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	25.05